

ДББҰ Басқармасының 2016 жылғы 24 мамырдағы
шешімімен бекітілген (№20 хаттама),
ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген
2017 жылғы 26 қаңтарында (№4 хаттама),
2018 жылғы 27 желтоқсанында (№68 хаттама)
және 2020 жылдың 4 қыркүйектегі (№42 хаттама)
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

**«Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»,
«Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан
Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламалары, Қазақстан Республикасы жалпы білім беру
ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының
бағдарламасы шеңберінде
бағалау рәсімдерін өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы бағалау рәсімдерін өткізу Ережелері «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» педагог қызметкерлері біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары, Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы шеңберінде бағалау рәсімдерін ұйымдастыру мен өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, 2017 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің №18 бұйрығымен бекітілген педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) Жарғысына және ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» филиалы туралы ережеге сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережелер «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» педагог қызметкерлері біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – мұғалімдердің курстары), Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы (бұдан әрі – басшылар курстары) шеңберінде бағалауды өткізудің тәртібі мен үдерістерін анықтайды.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕР

3. Бұл Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) **ҚР БҒМ** – Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі;
- 2) **ДББҰ** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы;
- 3) **ПӨО** – ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы;
- 4) **Зияткерлік мектебі** – негізгі қызметі білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалы;
- 5) **Оқыту орталығы** – мұғалімдер мен басшылар курстары өткізілетін ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі (бұдан әрі – ПШО) және оның филиалдары, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Өрлеу) және оның филиалдары;

6) **Мұғалім** – мұғалімдер курстарында оқитын және «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» педагог қызметкерлері біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары бойынша сертификат алуға үміткер болып табылатын білім беру ұйымының педагогикалық қызметкері;

7) **Басшы** – басшылар курсында оқитын және Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы бойынша сертификат алуға үміткер болып табылатын жалпы білім беру ұйымының педагогикалық қызметкері;

8) **Топ тренері** – біліктілікті арттыру білім беру бағдарламалары курстары шеңберінде мұғалімдер және басшылар курстарында мұғалімдердің/басшылардың оқытуын өткізетін оқу бағдарламасы бойынша сертификатталған оқыту орталығының қызметкері;

9) **Тәуелсіз тренер** – мұғалімдер/басшылар портфолио/таныстырылымдарын тәуелсіз жиынтық бағалауды жүзеге асыратын тренер;

10) **Эксперт** – мұғалімдер мен басшылар курстарында бағалау рәсімдерін ұйымдастыратын және жүзеге асыратын ПӨО қызметкері;

11) **Тимлидер** – Бас экспертпен тағайындалатын эксперттерді оқытуды жүргізетін және мұғалімдер курстары мен басшылар курстарында бағалау рәсімдерін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қолдау көрсететін ПӨО қызметкері;

12) **Бас эксперт** – ПӨО директорының орынбасары болып табылатын және мұғалімдер, басшылар, тренерлерді бағалаудың тәуелсіз жүйесін үйлестіретін ПӨО қызметкері;

13) **ПӨО жауапты менеджері** – ПӨО директоры немесе оның міндетін атқарушысының бұйрығымен тағайындалған мұғалімдер курстары мен басшылар курстарында бағалауды ұйымдастыруға, құжаттауға және басқаруға жауапты ПӨО қызметкері;

14) **Бағалау** – мұғалімдер курстарында және басшылар курстарында өткізілетін қалыптастырушы және жиынтық бағалау рәсімдері;

15) **Қалыптастырушы бағалау (бұдан әрі – ҚБ)** – мұғалімдер, басшылар, тренерлер тәжірибесі мен оқуына қолдау көрсету мақсатында жүргізілетін бағалау рәсімдері;

16) **Жиынтық бағалау (бұдан әрі – ЖБ)** – мұғалімдер мен басшыларды сертификаттауға ұсыну, тренерлер сертификаттау және ресертификаттау бойынша шешім шығаруға негіз болып табылатын бағалау рәсімдері

17) **Портфолио** – мұғалімдер мен басшылар курстары білім беру бағдарламаларының түйінді идеяларына қатысты білу және түсіну, идеяларды тәжірибеде қолдану, рефлексия мен дамуы бар мұғалімдердің, басшылардың, тренерлер дәлелдемелері бар жазбаша есептерден тұратын мұғалімдер курстары мен басшылар курстары шеңберіндегі бағалау компоненті;

18) **Портфолио таныстырылымы (бұдан әрі – таныстырылым)** — мұғалімдер мен басшылар курстарындағы мұғалім мен басшы портфолиосы дәлелдемелерін көрсететін мұғалімдер курстары мен басшылар курстары шеңберіндегі бағалау компоненті;

19) **Біліктілік емтиханы (бұдан әрі – Емтихан)** – Зияткерлік мектептері базасында оқытудың соңғы кезеңінің соңғы аптасында сенбі күні тестілеу түрінде өткізілетін мұғалімдер курстары шеңберіндегі бағалау компоненті;

20) **Емтихан материалдары** – тест мазмұны бар сұрақ кітапшалары, Емтиханның жауап парақтары; компьютерлік форматта емтихан өткізуге арналған тест тапсырмаларының базасы;

21) **Емтихан орталығы** – емтихан ұйымдастырылатын және өткізілетін Зияткелік мектеп;

24) **Модерация** – мұғалімдер, басшылар, тренерлер мен эксперттерді бағалау сапасын қамтамасыз ету үшін бағалау нәтижелерін ішінара тексеру;

25) **Плагиат** – басқа біреудің жұмысын қолданыс мақсаты мен пайдаланылатын көлеміне қарамастан толық және/немесе ішінара пайдаланып, өз жұмысы ретінде ұсыну;

26) **ПӨО порталы** – мұғалімдер, басшылар, тренерлер жүктелген портфолиолары бар, бағалау бойынша нормативті және нұсқаулық құжаттар және сертификаттауға ұсынылған мұғалімдер мен басшылардың тізімі жарияланатын интернет ресурсы;

27) **Бағалау бойынша деректердің электронды базасы** – бағалау бойынша ақпараттарды жинауға негіз болып табылатын мұғалімдер, басшылар, тренерлер бағаларының жиынтығы;

28) **Сертификат** – мұғалімдер курстары және басшылар курстары шеңберінде мұғалімдер, басшылар, тренерлердің білім беру бағдарламалары стандарттарына сәйкестігін куәландыратын бекітілген үлгідегі құжат;

29) **Сертификаттау** – нәтижесінде мұғалімдерге, басшыларға, тренерлерге сертификат берілетін бағалауды қорытындылайтын рәсім;

30) **Ресертификаттау** – нәтижесінде тренерлерге мұғалімдер курстары мен басшылар курстары шеңберінде стандарттарға сәйкестігін және үздіксіз дамуын растайтын сертификат берілетін тәуелсіз бағалауды қорытындылау рәсімі.

31) **Хаттама** – мұғалімдер мен басшыларды сертификаттау, тренерлерді сертификаттау мен ресертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесінің отырысында қабылданатын шешімнің тәртібі мен әрекеттерін белгілейтін құжат;

32) **Мұғалімдер мен басшыларды сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесі** – мұғалімдер курстары мен басшылар курстарының сертификаттауға ұсынылған және ұсынылмаған мұғалімдердің/басшылардың қорытынды тізімдерін бекітетін ПӨО алқалы органы;

33) **Тренерлерді сертификаттау мен ресертификаттау бойынша Емтихан кеңесі** – сертификаттауға, ресертификаттауға, мұғалімдер курстары мен басшылар курстарының басқа білім беру бағдарламасын растауға тренерлердің қорытынды тізімдерін бекітетін ДББҰ мен ПӨО алқалы кеңесі;

34) **Мұғалімдер мен басшылар курстарының легі** – Қазақстан Республикасының әр аймағында бір Курс кезеңінде оқитын мұғалімдер мен басшылар топтары.

3. МҰҒАЛІМДЕР КУРСТАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БАҒАЛАУ РӘСІМДЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ

4. ПӨО Оқыту орталығы мен Емтихан орталығымен бірге Бағалауды ұйымдастырады және өткізеді.

5. Оқыту орталығы:

1) ПӨО-ға мұғалімдер саны, кезеңі, оқыту тілі мен орны көрсетілген Курстарды өткізу кестесін ұсынады;

2) Курстардың бірінші кезеңінің 2-аптасында ПӨО-ға ЖСН, оқыту кезеңі, орны, бағдарламасы, оқыту тілі мен топ тренері көрсетілген мұғалімдердің тізімін ұсынады;

3) ПӨО Курстардың екінші кезеңінде және/немесе ол аяқталмай тұрып әртүрлі себептер бойынша мұғалімдер тізіміне енгізілген өзгерістерді хат арқылы хабарлайды.

6. ПӨО:

1) Емтиханды өткізу үшін әр білім беру бағдарламасы бойынша тест сұрақтарын әзірлейді;

2) Оқыту орталығы ұсынған мұғалімдер курстары кестесіне сәйкес Оқыту орталықтарында бағалау рәсімін өткізеді;

3) ПӨО директоры не оның міндетін атқарушысының бұйрығымен ПӨО әрекеттегі қызметкерлері қатарынан эксперттер мен жауапты менеджерлерді тағайындайды;

4) Мұғалімдер мен тренерлер топтары сандарын есепке ала отырып эксперттердің жүктемесін бөледі;

5) Оқыту орталығын екінші кезеңі басталғанға дейін бағалау рәсімдері туралы хабарлайды;

6) Емтихан өткізілуіне дейін екі апта бұрын тыңдаушылардың таныстырылымды, портфолио, Емтиханды қайта тапсыруға өтініштерін тіркейді;

7) Бағалауға қатысты сұрақтар бойынша тренерлердің өтініштерін тіркейді;

8) ПӨО порталында мұғалімдер портфолио мен таныстырылымдарын жүктеу үшін логин мен құпия сөзді жасайды;

9) Мұғалімдерді бағалау нәтижесінің модерациясын ұйымдастырады және өткізеді;

10) Бағалау рәсімдері бойынша қорытынды нәтижелер бар мұғалімдердің тізімін жасайды:

- Емтиханда тиісті өту балын жинаған және портфолио мен таныстырылым бойынша «жақсы» немесе «қанағаттанарлық» қорытынды баға алған, соның ішінде модерация нәтижесінде портфолио және таныстырылым бойынша «жақсы» баға алған мұғалімдер сертификаттауға ұсынылады;

- модерация нәтижелерін қоса, Емтиханда алған балдарына қарамастан портфолио және/немесе таныстырылым бойынша қорытынды баға «қанағаттанғысыз»; портфолио және таныстырылымның қорытынды бағаларына қарамастан модерация нәтижелерін қосқанда Емтихан бойынша тиісті өту балын жинамаған мұғалімдер сертификаттауға ұсынылмайды.

11) Емтихан кеңесін мұғалімдер курстары аяқталғаннан кейін 2 (екі) аптадан соң өткізеді.

6-1. Емтихан орталығы «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» және «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары шеңберінде Біліктілік емтиханын ұйымдастыру және өткізуге арналған нұсқаулыққа (бұдан - Нұсқаулық) сәйкес емтиханды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асырады.

7. ПӨО жауапты менеджері:

1) Емтиханды өткізу үшін сұрақ кітапшалары мен жауап парақшаларын таралымға шығарады/компьютерлік тестілеу жүйесіне тест тапсырмаларын жүктейді, емтиханды компьютерлік форматта өткізу үшін тест жинақтайды;

2) Пошта қызметі арқылы Емтихан материалдарын Емтихан орталықтарына жібереді;

3) Эксперттерден тексерілген мұғалімдер тізімін алады, оларға портфолио мен таныстырылымдарын ПӨО порталына жүктеу үшін логин мен құпия сөз жасап, эксперттерге жібереді;

4) Үлестірім бойынша ПӨО порталында тренерлер мен эксперттерді бекітеді;

- 5) Бағалау рәсімдерін үйлестіреді;
- 5-1) онлайн сервистерді пайдалана отырып, мұғалімдердің портфолиосын плагиатқа тексереді;
- 6) Бағалау бойынша материалдарды жинақтайды;
- 7) Портфолио, таныстырылым және Емтихан нәтижелерін жинап, мұғалімдерді бағалаудың электронды базасында белгілейді;
- 8) Нұсқаулыққа сәйкес емтихан материалдарын жинауды және өңдеуді жүзеге асырады;
- 9) Сертификаттауға ұсынылатын/ұсынылмайтын мұғалімдердің қорытынды тізімін жасайды;
- 10) Осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша Емтихан қорытындысы бойынша аналитикалық есепті жасайды.

8. Эксперт:

- 1) Топ тізімдерін тексереді (ТАӘ мен ЖСН дұрыс жазылғандығын, топтардағы мұғалімдер саны, оқыту тілі, топ нөмірі және т.б.), қайта тапсыратын мұғалімдердің тізімін нақтылайды және тексерілген тізімді mugalim@cpi.nis.edu.kz электронды поштасына жібереді;
- 2) Мұғалімдерді оқытудың бірінші және екінші кезеңдерінде тренерлердің ҚБ жоспарларын Оқыту орталығымен келістіреді;
- 3) Оқытудың бірінші және екінші кезеңдерінде тренердің тәжірибесін тренерлердің ҚБ жоспары бойынша бақылайды;
- 4) Тренерлерге тренер портфолиосы дәлелдемелерін ПӨО порталына жүктеу мерзімдері туралы хабарлайды;
- 5) Екінші кезеңде мұғалімдерді бағалау рәсімдері бойынша және Емтиханды ұйымдастыру мен өткізу бойынша мұғалімдер мен тренерлерге нұсқаулық жүргізеді;
- 6) Емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша жұмыстарды нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді;
- 7) Мұғалімдер таныстырылымын ЖБ өткізу графигін жасайды және тәуелсіз тренерлерді таныстырылымды ЖБ бөледі;
- 8) Таныстырылымды ЖБ бақылайды және тәуелсіз тренерлерге мұғалімдердің таныстырылымын ЖБ бойынша қолдау көрсетеді;
- 9) Топ тренерінен мұғалімдердің портфолиосын ЖБ бойынша құжаттарды қабылдайды: портфолионы бағалау парақтары, портфолионы ЖБ рубрикалары, мұғалімдер таныстырылымының бейнежазбасы;
- 13) Тренердің қазіргі тәжірибесі бойынша портфолиосын ҚБ, сертификаттауға/басқа бағдарламамен растауға және ресертификаттауға тренер портфолиосын ЖБ жүргізеді, тренер портфолиосын ҚБ мен ЖБ рубрикаларын толтырып жібереді.

9. Тренерлер екінші кезеңде:

- 1) Топ тренері:
 - мұғалімдер портфолиосы мен таныстырымдарын ҚБ ұйымдастырады және өткізеді;
 - мұғалімдер портфолиосын ЖБ өткізеді, 1-1 – 1-3 Қосымшаларына сәйкес рубриканы толтырады және 1-4 – 1-6 Қосымшаларына сәйкес ЖБ парақшасын толтырады;
 - мұғалімдер таныстырылымын ЖБ бейнежазбаға жазуды ұйымдастырады;
 - мұғалімдердің ПӨО порталына портфолио мен таныстырылымдарын жүктеулерін үйлестіреді;
 - бағалау бойынша келесі құжаттарды жинайды: электронды форматта мұғалімдердің портфолиосы мен таныстырылымдары, мұғалімдерді (әріптестерді) бағалау проформасы, тәуелсіз тренердің ЖБ проформасы (скан көшірмесі мен word форматында) және мұғалімдер таныстырымдары бейнежазбасы;
 - Бағалау бойынша құжаттарды эксперттің электронды поштасына жібереді;

- 2) Тәуелсіз тренер:
 - мұғалімдердің таныстырылымын ЖБ өткізеді;
 - 1-7 – 1-9 Қосымшаларына сәйкес тәуелсіз тренердің таныстырылымды ЖБ профформасын толтырады;
 - таныстырылымды ЖБ профформасын (скан көшірмесі мен word форматында) топ тренерінің электронды поштасына жібереді.

10. Мұғалім:

- 1) оқытудың бірінші кезеңінің соңғы аптасында портфолионың А бөлімін даярлайды және ПӨО порталын жүктейді;
 - 2) мектептегі тәжірибе кезеңі барсында портфолионың В,С бөлімдерін және таныстырылымды дайындайды;
 - 3) оқытудың екінші кезеңінде портфолио мен таныстырылымды ЖБ үшін жинақтап, ПӨО порталына жүктейді;
 - 4) мұғалімдерді бағалауды ЖБ өткізеді, 1-10 – 1-12 Қосымшаларына сәйкес мұғалімдер (әріптестер) таныстырылымын бағалау профформасын толтырады;
 - 5) толтырылған мұғалімдердің таныстырылымын бағалау профформасын (скан көшірмесі мен word форматында) топ тренерінің электронды поштасына жібереді.
- 10-1. Мұғалімдерге арналған курстарды қашықтықтан өткізу кезінде Емтихан өткізілмейді.

4. БАСШЫЛАР КУРСТАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ БАҒАЛАУ РӘСІМДЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ

11. ПӨО Оқыту орталығы мен Емтихан орталығымен бірге Бағалауды ұйымдастырады және өткізеді.

12. Оқыту орталығы:

6

- 1) ПӨО-на басшылар саны, кезеңі, оқыту тілі мен орны көрсетілген Курстарды өткізу графигін ұсынады;
- 2) Курстардың бірінші кезеңінің 2 аптасында ПӨО-на ЖСН, оқыту кезеңі, орны, бағдарламасы, оқыту тілі мен топ тренері көрсетілген басшылардың тізімін ұсынады;
- 3) ПӨО-на Курстардың екінші кезеңінде немесе ол аяқталмай тұрып әртүрлі себептер бойынша басшылар тізіміне енгізілген өзгерістерді хат арқылы хабарлайды.

13. ПӨО:

- 1) оқыту орталығында басшылар курстары графигіне сәйкес басшыларды бағалау рәсімдерін өткізеді;
- 2) ПӨО директоры не оның міндетін атқарушысының бұйрығымен ПӨО әрекеттегі қызметкерлері қатарынан эксперттер мен жауапты менеджерлерді тағайындайды;
- 3) басшылар мен тренерлер топтары сандарын есепке ала отырып эксперттердің жүктемесін бөледі;
- 4) оқыту орталығын екінші кезең басталғанға дейін бағалау рәсімдері туралы хабарлайды;
- 5) ПӨО порталында басшылар портфолиоаларын жүктеу үшін логин мен құпиясөзді жасайды;
- 6) басшылар курстары аяқталғаннан кейін 6 (алты) аптадан кейін басшыларды сертификаттауға ұсыну туралы Емтихан Кеңесін өткізеді;
- 7) осы Ереженің 2 Қосымшасына сәйкес үлгі бойынша Емтихан қорытындысы бойынша аналитикалық есепті жасайды.
- 8) басшылардың портфолиосын бағалау рәсімдерінің нәтижесін басшыларды бағалау электронды базасында тіркейді.

14. ПӨО жауапты менеджері:

1) эксперттерден тексерілген басшылар тізімін алады, оларға портфолио мен таныстырылымдарын ПӨО порталына жүктеу үшін логин мен құпиясөз жасап, эксперттерге жібереді;

2) үлестірім бойынша ПӨО порталында тренерлер мен эксперттерді бекітеді;

3) бағалау рәсімдерін үйлестіреді;

3-1) онлайн сервистерді қолдана отырып, басшылар портфолиосын плагиатқа тексереді;

4) басшылардың портфолиосын бағалау рәсімдерінің нәтижесін жинақтайды және басшыларды бағалау электронды базасында тіркейді;

5) сертификаттауға ұсынылатын/ұсынылмайтын басшылардың қорытынды тізімін жасайды.

15. Эксперт:

1) топ тізімдерін тексереді (ТАӘ мен ЖСН дұрыс жазылғандығын, топтардағы мұғалімдер саны, оқыту тілі, топ нөмірі және т.б.), портфолионы қайта тапсыратын басшылардың тізімін нақтылайды және тексерілген тізімді director@cpi.nis.edu.kz электронды поштасына жібереді;

2) тренерлерге тренер портфолиосы дәлелдемелерін ПӨО порталына жүктеу мерзімдері туралы хабарлайды;

3) Есептерді ресімдеу мен басшылардың портфолиосын ПӨО порталын жүктеу туралы нұсқаулық өткізеді;

4) Басшы портфолиосын модерациялайды.

16. Тренер:

1) мектептегі тәжірибе кезіндегі басшылар портфолиосын ҚБ және ЖБ өткізеді;

2) басшылардың таныстырылымын бағалайды және таныстырылымды бағалау проформасын оқытудың бірінші және екінші кезеңдерінде толтырады.

17. Басшы:

1) бірінші кезеңде портфолионың А, В, С, D, Е есептерін және №1 таныстырылымды даярлайды;

2) мектептегі бірінші тәжірибе кезінде дәлелдемелер жинайды және №1 таныстырылымды даярлайды;

3) екінші кезеңде портфолионың F, G, H есептерін даярлайды және екінші кезеңнің соңына дейін сегіз есепті ПӨО порталына жүктейді;

4) Оқытудың соңғы екі аптасында портфолионың I, J, K, L, M, N, O, P есептерін ПӨО порталына жүктейді.

5. МҰҒАЛІМДЕР КУРСТАРЫ МЕН БАСШЫЛАР КУРСТАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ТРЕНЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ РӘСІМДЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ

18. ПӨО мұғалімдер курстары мен басшылар курстары графигіне сәйкес тренерлерді бағалау рәсімдерін ұйымдастырады және өткізеді.

19. ПӨО:

1) ПӨО порталында портфолионы жүктеу үшін тренерлерге логин мен құпиясөзді жасайды;

2) Тренерлер портфолиосын бағалау үшін эксперттерді үлестіреді;

3) ПӨО порталында тренерлерді эксперттерге бекітеді;

4) тренерлерді бағалау бойынша электронды деректер базасын жасайды;

5) тренерлерді бағалау бойынша құжаттарды жинайды;

6) тренерлердің портфолиосын бағалау рәсімдерінің нәтижесін тренерлерді бағалау электронды базасында тіркейді;

7) ЖБ нәтижесінде «есептелмеді» қорытынды шешімін алған тренерлердің портфолиосына модерация жасайды;

8) сертификаттауға, ресертификаттауға, басқа білім беру бағдарламасымен расталуға ұсынылған тренерлердің тізімін жасайды;

9) Осы Ереженің 3 Қосымшасындағы үлгі бойынша тренерлерге сертификат береді және тренерлердің сертификаттарын тіркейді;

10) Тренерлердің сертификаттарын ресми хатпен Оқыту орталықтарына жібереді және осы Ереженің 4 Қосымшасына сай беру-қабылдау актісі жасалады.

20. Тренерлердің портфолиосы мен тәжірибесін бағалау рәсімін өткізу үшін ПӨО бекітілген және тәуелсіз эксперттерді тағайындайды:

1) Бекітілген эксперт:

- мұғалімдер курстарының 1 және 2 кезеңдерінде және басшылар курстарының 2 кезеңінде тренерлер тәжірибесіне ҚБ жүргізеді;
- ағымдағы тәжірибе бойынша тренерлер портфолиосын ҚБ жүргізеді, сертификаттауға/ресертификаттауға және басқа білім беру бағдарламасымен растауға тренерлер портфолиосын ҚБ және ЖБ өткізеді;

2) тәуелсіз эксперт:

- сертификаттауға/ресертификаттауға және басқа білім беру бағдарламасымен растауға тренерлер портфолиосын ЖБ өткізеді;
- Тренер портфолиосына модерация жүргізеді.

6. БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН МОДЕРАЦИЯЛАУ

21. Модерация рәсімі эксперттермен, тимлидерлермен және ПӨО бас экспертімен жүзеге асырылады:

1) Мұғалімдерді бағалау нәтижелері:

- модерация №1: «шекті деңгей» бағасы бар мұғалімнің портфолиосын және/немесе таныстырылымын эксперттердің тәуелсіз ЖБ;

- модерация №2: Емтихан бойынша тиісті өту балын жинамаған мұғалімдердің сұрақ кітапшаларын, бағалау парақтарының эксперттердің, ПӨО қызметкерлерінің қайта (механикалық) тексеруі: сұрақ кітапшасынан жауап парағына жауаптарды енгізген кезде пайда болған техникалық қателер; сұрақ кітапшасында жауапты дұрыс белгілеп, жауап парағына дұрыс түсірмеу мүмкін жағдайларды анықтау;

- модерация №3: мұғалімнің портфолио/таныстырылым бойынша «жақсы» баға алғанда, бірақ Емтихан бойынша өту балына 1-2 балдың жетпеген жағдайда мұғалім портфолиосы және/немесе мұғалім таныстырылымын эксперттердің тәуелсіз ЖБ;

- модерация №4: мұғалімнің портфолио/таныстырылым бойынша алған бағасы қанағаттанарлық, бірақ Емтихан бойынша тиісті өту балдарын жинамаған жағдайда мұғалім портфолиосы және/немесе мұғалім таныстырылымын эксперттердің тәуелсіз ЖБ.

2) басшылар портфолиосын бағалау нәтижелері мына жағдайларда:

- топ тренері мен тәуелсіз тренердің бағалары екі түрлі деңгейде болғанда;
- топ тренері мен тәуелсіз тренермен «есептелмеді» деген шешім қабылданған жағдайда, соның ішінде плагиат анықталған болса немесе «шекті» деген баға қойылған жағдайда;

- тренерлер портфолиосын бағалау нәтижелерінде бекітілген және тәуелсіз эксперттердің ЖБ айырмашылық болған кезде немесе «есептелмеді» деген шешім қабылданған жағдайда, сонымен қатар плагиат анықталған жағдайда өткізіледі.

22. ПӨО бағалау рәсімдерін модерациялау рәсімі бойынша осы Ереженің 5 Қосымшасына сәйкес Актіні ресімдейді.

7. МҰҒАЛІМДЕРДІ/БАСШЫЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУҒА ЖӘНЕ ТРЕНЕРЛЕРДІ СЕРТИФИКАТТАУҒА/РЕСЕРТИФИКАТТАУҒА ҰСЫНУ БОЙЫНША ЕМТИХАН КЕҢЕСІ

23. Мұғалімдер мен басшыларды сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесі төрт адамнан кем емес ПӨО қызметкерлерінен құралады және бағалау нәтижелерін модерациялау рәсімдері аяқталғаннан кейін өткізіледі.

24. Мұғалімдер мен басшыларды сертификаттау бойынша Емтихан кеңесі:

1) сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған, бағалау рәсімдерінен қайта өтуге ұсынылған мұғалімдер мен басшылардың тізімін бекітеді;

2) бағалаудың барлық рәсімдерінің сақталуын қарайды және растайды/растамайды;

3) кез келген бұзушылық және «есептелмеді» шешімі қабылданған жағдайларды қарайды;

4) оқу бағдарламасы мен бағалау рәсімдеріндегі өзгерістерге байланысты мәселелерді қарайды;

5) бағалау үдерісі мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) мұғалімдер мен басшыларды сертификаттау бойынша өзге де шешімдер қабылдайды;

25. Тренерлерді сертификаттау бойынша Төраға және алты адамнан кем емес ДББҰ, Оқыту орталықтары, ПӨО қызметкерлерінен тұратын Емтихан кеңесі тренерлер портфолиосын бағалау нәтижесін модерациялау рәсімдері аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

26. Тренерлерді сертификаттау бойынша Емтихан кеңесі:

1) сертификаттауға/сертификаттау үшін бағалау рәсімін қайта өтуге, басқа білім беру бағдарламасын растауға, ресертификациялауға ұсынылған/ұсынылмаған тренерлердің тізімдерін бекітеді;

2) бағалаудың барлық рәсімдерінің сақталуын қарайды және растайды/растамайды;

3) кез келген бұзушылық және «есептелмеді» шешімі қабылданған жағдайларды қарайды;

4) оқу бағдарламасы мен бағалау рәсімдеріндегі өзгерістерге байланысты мәселелерді қарайды;

5) бағалау үдерісі мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;

6) тренерлерді сертификаттау/ басқа білім беру бағдарламасын растау/ресертификациялау бойынша өзге де шешімдер қабылдайды;

Оқыту тәжірибесі болмаған кезде тренерді сертификаттау/ресертификациялау мерзімін ұзарту 1 (бір) жылға 1 (бір) реттен артық емес жүзеге асырылады.

Оқыту тәжірибесі болмаған кезде сертификаттау/ресертификациялау мерзімін ұзарту бағалау өткізілетін күнге дейін бір апта бұрын тренердің ПӨО-на ұсынылған өтініші негізінде жүзеге асырылады. Емтихан кеңесі тренердің өтінішін қарайды және өтініште көрсетілген электрондық поштаға дәлелді жауап жібереді.

Зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты еңбек қатынастары бұзылған тренерлердің ресертификациялау мерзімін ұзарту жүзеге асырылмайды.

27. Мұғалімдер мен басшыларды сертификаттауға ұсынатын Емтихан кеңесі мен тренерлерді сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесінің шешімі көпшілік дауысымен қабылданады, осы Ереженің 6 және 7 Қосымшаларына сай хаттамамен ресімделеді, ол хаттама ақырғы құжат болып саналады, қайта қарауға жатпайды.

28. Емтихан Кеңестерінің Хаттамасы ПӨО кеңсесінде тіркеліп, сақтауға беріледі.

8. БАҒАЛАУ РӘСІМДЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

29. ПӨО:

1) сертификаттауға ұсынылған мұғалімдер мен басшылар тізімін ары қарай БҒМ-не жіберілуі үшін ДББҰ-на жібереді;

2) сертификаттауға немесе ресертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған мұғалімдер, басшылар, тренерлердің тізімі және «есептелмеді» шешім бойынша негіздемелер Оқыту орталықтарына ресми хатпен жібереді;

3) сертификаттауға/ресертификаттауға ұсынылған мұғалімдер, басшылар, тренерлердің тізімі ПӨО порталында жарияланады.

9. АПЕЛЛЯЦИЯ

30. Апелляция бағалау рәсімдері өрескел бұзылғанда қабылданады:

1) техникалық ақаулар бойынша;

- ПӨО порталына электронды форматтағы портфолионы жүктеу кезінде интернет желісінің болмауы;

- зақымдалған файлдың жүктелуі;

2) ПӨО бағалауды өткізу мерзімі мен рәсімдерін сақтамауы.

31. Мұғалім, басшы, тренер ПӨО порталында сертификаттауға немесе ресертификаттауға ұсынылған мұғалімдер, басшылардың, тренерлердің тізімдері жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде, тренер, эксперт ПӨО порталында сертификаттауға ұсынылған тренерлер, эксперттер тізімдері жарияланғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Ереженің 8-қосымшасындағы үлгі бойынша ПӨО-на жазбаша өтініш бере алады, өтінішті ПӨО-ның info@cpi.nis.edu.kz мекен-жайы бойынша электронды поштасына дәлелдемелермен бірге жібереді. Белгілеген мерзімнен кешігіп түскен апелляция өтініштері қарастырылмайды.

32. Апелляцияны қарастыру үшін ПӨО директорының бұйрығы бойынша өтінішті қарап тиісті шешім қабылдай алатын бес уәкілетті адамнан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1

33. Апелляциялық комиссияның құрамына ПӨО директорының орынбасарлары, ПӨО құрылымдық бөлімшелерінің бөлімдері басшылары және заңгер кіреді. Апелляциялық комиссияның хатшысы – ПӨО құрылымдық бөлімшесінің қызметкері.

34. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Егер дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі осы Ережелердің 9-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша апелляциялық комиссия төрағасы және барлық мүшелері қол қойған хаттамасы арқылы ресімделеді.

35. Апелляциялық комиссия Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мерзімдерге сай мұғалімдер, басшылар, тренерлердің өтініштерін қарайды және апелляциялық комиссия отырысы өткізілгеннен кейін апелляция бойынша тыңдаушыға жазбаша түрде себептемелі жауап береді және жауапты тыңдаушының өтінішінде көрсетілген электронды поштасына жібереді.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

36. Белгілі білім беру бағдарламасы бойынша сертификаттауға ұсынылмаған мұғалім ПӨО осы Ереженің 10 Қосымшасындағы үлгіге сай жазбаша өтініш бере алады, сонымен қатар электронды нұсқасын peresdacha@cpi.nis.edu.kz поштасына жібере алады:

1) портфолионы және/немесе таныстырылымды тапсырмаған жағдайда немесе қанағаттанғысыз баға алған жағдайда мұғалімдер курстарының келесі легінде портфолио/презентацияны қайта тапсыра алады;

2) Емтиханға келмеген немесе тиісті өту балын ала алмаған жағдайда Емтиханды өз қаражаты есебінен жылына бір реттен артық емес қайта тапсыра алады.

37. Сертификаттауға ұсынылмаған басшы, портфолионы тапсырмаған жағдайда немесе қанағаттанғысыз баға алған жағдайда басшылар курстарының келесі легінде портфолионы қайта тапсыра алады. Бағалау рәсімінен өту үшін басшы Оқыту орталығының бұйрығымен курсқа қабылданады. Портфолиосы екі реттен аса «қанағаттанғысыз» деп бағаланған басшы Бағдарламадан шығарылады.

38. Сертификаттауға ұсынылмаған тренерлер жаңа оқыту мен оқу тәжірибесі бойынша портфолиосын бір рет қана қайта тапсыра алады. Сертификаттауға ұсынылмаған тренерлерге бағалау рәсімінен қайта өтуге мүмкіндіктері берілмейді.

39. Бағалау материалдары (хаттамалар, бағалау парақшалары, проформалар, рубрикалар, сертификаттарды беру-қабылдау актілері, модерация актілері, өтініштер, хаттар) ПӨО ведомстволық мұрағатына жіберіледі.

40. Емтихан материалдары (сертификаттауға ұсынылған мұғалімдердің жауап парақшалары, сұрақ кітапшалары) сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесі Хаттамасы тіркелген күннен 1 жылдан кейін жойылады және 11 Қосымшаға сәйкес Емтихан материалдарын жою туралы актпен ресімделеді. «Есептелмеді» бағалау нәтижесін алған мұғалімдердің, басшылардың Емтихан материалдары жойылмайды. және олардың Емтихан материалдары олар қайтадан бағалаудан өткенге дейін сақталады.

«Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»,
«Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы»
Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің
біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары,
Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары
басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы
шеңберінде бағалау рәсімідерін өткізу ережесіне
1-қосымша

_____ жылдың бірінші/екінші жартыжылдық бойынша
(Оқыту орталығы, бағдарлама «_____»)
Біліктілік емтиханы нәтижелерін талдау бойынша
ЕСЕП

- Жалпы деректер

- Нәтижелерді талдау

1

- Ұсыныстар

«Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»,
 « Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы»
 Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің
 біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары,
 Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары
 басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы шеңберінде бағалау рәсімдерін өткізу ережесіне
 1-1-қосымша

Топ тренерінің «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы бойынша мұғалім портфолиосының дәлелдемелерін бағалау рубрикасы

Мұғалімнің ТАӘ		Топ тренерінің ТАӘ	
Мерзімі			
Оқыту орталығы			

Бөлім	Мұғалім портфолиосының дәлелдемелері	Түйінді критерийлер				
А	А Түйінді идеяларды білуі және түсінуі (1500 сөз) Оқыту мен оқуға өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп: - Бағдарламаның жеті модулін тізбектелген сабақтар топтамасына енгізуді негіздеу; - жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабаққа бір немесе бірнеше модульдің қалай және неге енгізілетінін түсіндіру. <i>* Бірінші кезеңде жасалған орта мерзімді жоспар, бір сабақ жоспары ұсынылады.</i>	1, 3, 2	Жақсы	Қанағаттанарлық	Шекті деңгей	Қанағаттанғысыз
В	В Тиімді тәжірибе (500 сөз)	2, 1, 3	Жақсы	Қанағаттанарлық	Шекті деңгей	Қанағаттанғысыз

	<ul style="list-style-type: none"> • мұғалімнің тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізу әдістемесін көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспары (төртеуден кем емес) <p>Түсініктеме (250 сөз) мұғалім Бағдарламаның жеті модулін тізбектелген сабақтар топтамасына енгізгенін түсіндіреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабақ жоспары: ол Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулін мұғалім қалай және неге енгізгенін көрсетеді <p>Түсініктеме (250 сөз) жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабаққа Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулін мұғалім қалай және неге енгізгенін түсіндіреді.</p> <p><i>*мектеп әкімшілігі бекіткен жоспарлардың сканкөшірмелері ұсынылады.</i></p>					
С	<p>С Рефлексия және даму (1 500 сөз)</p> <p>Тізбектелген сабақтар топтамасы бойынша рефлексиялық есеп:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқыту және оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу әдістемесі мен тиімділігі; - өзгерістерді басқару дағдылары мен біліктері; - енгізілген өзгерістерден алынған нәтижелері; - келешекте тәжірибеде пайдалану үшін қорытынды жасай алу білігі. <p style="text-align: center;">1</p>	3, 2, 1	Жақсы	Қанағаттанарлық	Шекті деңгей	Қанағаттанғысыз
<p>Тренердің пікірі</p>						

Жақсы

Қанағаттанарлық

Шекті деңгей

Қанағаттанғысыз

Қолы.....

Күні.....

«Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»,
 « Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы»
 Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің
 біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары,
 Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары
 басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы шеңберінде бағалау рәсімдерін өткізу ережесіне
 1-2-қосымша

Топ тренерінің «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы бойынша мұғалім портфолиосының дәлелдемелерін бағалау рубрикасы

Мұғалімнің ТАӘ	Топ тренерінің ТАӘ:
Мерзімі	
Оқыту орталығы	

Бөлім	Мұғалімнің портфолиосының дәлелдемелері	Критерийлер				
		1, 3, 2	Жақсы	Қанағаттанарлық	Шекті	Қанағаттанғысыз
A	<p>A Түйінді идеяларды білуі және түсінуі (2000 сөз)</p> <p>A1 Оқыту мен оқуға өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз): - Бағдарламаның жеті модулін тізбектелген сабақтар топтамасына енгізуді негіздеу; - жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабаққа бір немесе бірнеше модульдің қалай және неге енгізілетінін түсіндіру.</p> <p><i>*бірінші кезеңде құрылған орта мерзімді және бір сабақтың жоспары ұсынылады</i></p> <p>A2 Коучинг-сабақ арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп (500 сөз): - әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізу негіздемесі; - әріптестердің тәжірибесін дамыту үшін өзгеріс қалай және неге енгізілетінін түсіндіру</p> <p><i>* бірінші кезеңде құрылған бір оқу коучинг- сабағының жоспары ұсынылады</i></p>	1, 3, 2	Жақсы	Қанағаттанарлық	Шекті	Қанағаттанғысыз

	<p>А3 Әріптестердің бірімен тәлімгерлік үдерісі жүзеге асырылғаны туралы рефлексиялық есеп (500 сөз): - әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгерістер енгізу мақсатында тәлімгерлік үдерісін жүзеге асыру қажеттігінің негіздемесі; - әріптестердің бірінің тәжірибесін дамыту үшін өзгеріс қалай және неге енгізілетінін түсіндіру</p> <p><i>* Бірінші кезеңде құрылған тәлімгерлік үдерісінің жоспары ұсынылады</i></p>					
<p>В</p>	<p>В Тиімді тәжірибе (1000 сөз)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімнің тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізу әдістемесін көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспары (төртеуден кем емес) Түсініктеме (250 сөз) мұғалім Бағдарламаның жеті модулін тізбектелген сабақтар топтамасына қалай және неге енгізгенін түсіндіреді. • Жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабақтың жоспары: ол Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулін мұғалім қалай және неге енгізгенін көрсетеді Түсініктеме (250 сөз) жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабаққа Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулін мұғалім қалай және неге енгізгенін түсіндіреді. • Әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізу әдістемесін көрсететін бір коучинг-сабақтың жоспары Түсініктеме (250 сөз) коучинг-сабақ үдерісінің таңдалған тақырыбының түйінді идеялары мәнмәтінінде әріптестердің қажеттілігіне сәйкес оқыту және оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу қажеттігін түсіндіреді 	<p>2, 1, 3</p>	<p>Жақсы</p>	<p>Қанағаттанарлық</p>	<p>Шекті</p>	<p>Қанағаттанғысыз</p>
	<ul style="list-style-type: none"> • Әріптестердің бірінің тәжірибесін дамыту үшін мұғалімнің Бағдарлама идеяларын енгізу әдістемесін көрсететін тәлімгерлік үдерісінің жоспары Түсініктеме (250 сөз) Бағдарламаның түйінді идеялары мәнмәтінінде әріптестердің бірінің оқыту және оқу тәжірибесіне қажеттілігіне сәйкес өзгеріс енгізу қажеттігін түсіндіру <p><i>*мектеп әкімшілігі бекіткен жоспарлардың сканкөшірмелері ұсынылады.</i></p>					
<p>С</p>	<p>С Рефлексия және даму (2000 сөз)</p>	<p>3, 2, 1</p>	<p>Жақсы</p>	<p>Қанағаттанарлық</p>	<p>Шекті</p>	<p>Қанағаттанғысыз</p>

Өз тәжірибесі мен мектептегі әріптестер тәжірибесіне өзгерістерді енгізу және басқару бойынша рефлексиялық есеп:

- тізбектелген сабақтар топтамасының жүзеге асырылуын талдау, оқыту және оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу тиімділігі және оны басқару;
- коучинг үдерісінің жүзеге асырылуын талдау, өзгеріс енгізу тиімділігін бағалау;
- тәлімгерлік үдерісінің жүзеге асырылуын талдау, өзгеріс енгізу тиімділігін бағалау;
- келешекте тәжірибеде пайдалану үшін қорытынды жасай алу білігі.

Пікір:

Жақсы Қанағаттанарлық Шекті деңгей Қанағаттанғысыз

Қолы..... Күні.....

«Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»,
 « Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы»
 Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің
 біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары,
 Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары
 басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы шеңберінде бағалау рәсімдерін өткізу ережесіне
 1-3-қосымша

Топ тренерінің «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы бойынша мұғалім портфолиосының дәлелдемелерін бағалау рубрикасы

Мұғалімнің ТАӘ		Топ тренерінің ТАӘ
Мерзімі:		
Оқыту орталығы		

Бөлім	Мұғалімнің портфолио дәлелдемелері	Критерийлер			
		1, 3	Жаксы	Қанағат-танарлық	Шекті
A	<p>A Түйінді идеяларды білуі және түсінуі (2750 сөз)</p> <p>A1 Өзінің оқыту және оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуі туралы рефлексиялық есеп (750 сөз): - Бағдарламаның жеті модулін тізбектелген сабақтар топтамасына енгізуді негіздеу; - жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабаққа бір немесе бірнеше модульдің қалай және неге енгізілетінін түсіндіру. <i>*Бірінші кезеңде құрастырылған орта мерзімді жоспар, бір сабақ жоспары ұсынылады.</i></p> <p>A2 Коучинг-сабақ арқылы әріптестердің тәжірибесіне өзгеріс енгізу туралы рефлексиялық есеп (500 сөз): - әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгеріс енгізу негіздемесі; - әріптестердің тәжірибесін дамыту үшін өзгеріс қалай және неге енгізілетінін түсіндіру <i>*Бірінші кезеңде құрастырылған бір оқу коучинг- сабағының жоспары ұсынылады.</i></p>				

	<p>A3 Әріптестердің бірімен тәлімгерлік үдерісі жүзеге асырылғаны туралы рефлексиялық есеп (500 сөз): - әдістемелік бірлестік деңгейінде өзгерістер енгізу мақсатында тәлімгерлік үдерісін жүзеге асыру қажеттігінің негіздемесі; - әріптестердің бірінің тәжірибесін дамыту үшін өзгеріс қалай және неге енгізілетінін түсіндіру <i>*Бірінші кезеңде құрастырылған тәлімгерлік үдерісінің жоспары ұсынылады.</i></p> <p>A4 Мектептің педагогикалық қоғамдастығы жұмысын жоспарлау үдерісі туралы рефлексиялық есеп (1000 сөз): - мектеп деңгейінде өзгеріс енгізудің негіздемесі: мақсат қою, күтілетін нәтиже, табыс критерийлері, өткізу тәртібін қоса қамтиды <i>*Бірінші кезеңде құрастырылған педагогикалық қоғамдастықтың жұмыс жоспары ұсынылады.</i></p>					
<p>B</p>	<p>B. Тиімді тәжірибе (1250 сөз)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімнің тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның жеті модулін енгізу әдістемесін көрсететін тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспары (төртеуден кем емес) <p>Түсініктеме (250 сөз) мұғалім Бағдарламаның жеті модулін тізбектелген сабақтар топтамасына қалай және неге енгізгенін түсіндіреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабақтың жоспары: ол Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулін мұғалім қалай және неге енгізгенін көрсетеді <p>Түсініктеме (250 сөз) жоспарланған тізбектелген сабақтар топтамасының ішіндегі бір сабаққа Бағдарламаның бір немесе бірнеше модулін мұғалім қалай және неге енгізгенін түсіндіреді.</p>	<p>2, 1, 3</p>	<p>Жаксы</p>	<p>Қанағат-танарлық</p>	<p>Шекті</p>	<p>Қанағат-танғысыз</p>

